

## NERIOT-WATT УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



**Кездесуге Ақтөбедегі өндіріс саласында жұмыс ұсына алатын «КМК Мұнай» АҚ, «Қазақойл» АҚ, «Қазхром» АҚ, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Kazenergy» компаниясы, «Ақтөберентген» АҚ ресми өкілдері қатысты.**

Өңір экономикасының тірегі болып отырған өндірістік компанияларға Heriot-Watt университетінің делегациясы серіктестіктің басты мақсаты – екі ел арасындағы ынтымақтастықты арттырып қана қоймай, экономикалық-индустриалдық байланысты нығайтатынын мәлімдеді. Делегация мүшесі, математика, физика және информатика ғылымдарының профессоры Юриан Хейге өз сөзінде:

- Ғылым үздіксіз дамуда.

Ақпараттық технологиялар мен жаңашыл ғылыми әдіс-тәсілдерді уақытында меңгеру – заман талабы. Бұл оқу орындары үшін де, өндіріс орындары үшін де маңызды, - деді.

Аталмыш шараға Британ кеңесі өкілі Жанар Рахимжанова да қатысты. Ол студенттер мен оқытушылардың сұранысына сәйкес Жұбанов университеті базасында халықаралық IELTS емтиханын компьютер арқылы қашықтықтан

тапсыру мүмкіндігін енгізуге келгенін жеткізді.

Айта кетейік, Heriot-Watt халықаралық факультеті өңір индустриясы мен экономикасы үшін маңызды 3 сала бойынша мамандар даярлайды. Атап айтқанда «Мұнай инженериясы және энергоменеджмент», «Компьютерлік инженерия», «Электрэнергетика» мамандықтары бойынша 300-ге жуық студент мемлекеттік грант арқылы білім алып жатыр.

## УНИВЕРСИТЕТ ҚАТАРЫНА СТУДЕНТТЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

**Сақталаған Бәйішев атындағы университетте I курста білім алып жатқандарды студенттер қатарына қабылдауға арналған дәстүрлі мерекелік шара өтті. Бұл туралы университеттің жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы хабарлады.**

Шараны университеттің әлеуметтік мәдени даму жөніндегі проректоры Шыныбек Бұхарбаев құттықтау сөзбен ашты. Шара I курс студенті Аңсат Нұрлыбековке білім кілтін, Айсана Әшенге студенттік билет табыстау сәтімен жалғасын тапты.



## МЕДИЦИНА САЛАСЫНА ЖАС ВОЛОНТЕРЛАР ҚАБЫЛДАНДЫ

**Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің «Медик-волонтер» волонтерлық ұйымының қатарына жаңадан қосылған студенттерді қабылдау рәсімі өтті. Бұл туралы университеттің баспасөз хатшысы мәлімдеді.**

Шара барысында сөз алған медицина университетінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі проректоры Нұргүл Әбенова волонтерлардың еңбегі ерекше екенін айтып, ұйым жұмысына сәттілік тіледі. Әлеуметтік-психологиялық қолдау қызметінің жетекшісі Гүлнұр Бисекова:

— Осыдан он екі жыл бұрын құрылған «Мейірім» волонтерлық ұйымының атауы 2017 жылы

«Медик-волонтер» болып өзгертілді. Волонтерларымыз әрдайым игі істердің басы-қасында жүреді. Қоғамдық жұмыстарда да белсенді. Еңбектері де еленіп, үздік атанды. Ұйым құрамында қазір 200-ден аса волонтер бар, — деді.

Шара соңында «Медик-волонтер» ұйымының жетекшісі Айнұр Сағынтай волонтерларды ұйымшыл болуға шақырды.

## ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕР АҚТӨБЕДЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

**Құдайберген Жұбанов атындағы университетке Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің бір топ студенттері келді. «Сыртқы академиялық ұтқырлық» бағдарламасы негізінде келген студенттер енді осында біліктілігін арттырады. Бұл туралы университеттің баспасөз қызметі мәлімдеді.**



Шетелдік студенттерге тарих факультетінің профессор-оқытушылары екі аптаға жуық дәрістер мен семинар-тренингтер, тарихи мәселелерге арналған дөңгелек үстелдер өткізеді. Сонымен қатар, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың мемориалдық мұражайын аралау және басқа да ауқымды ғылыми және мәдени бағдарламаларды ұйымдастыру жоспарланған. Білім алушыларға университет

ғалымы Александр Перевезенцев "Академиялық жазу" курсы бойынша сабақ өткізген. Сонымен қатар шетелдік студенттер оқу ғимаратын аралап, ғылыми кітапхана, археология кабинеті және оқу аудиторияларымен танысты.

Айта кетейік, Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінен келген студенттерге Жұбанов университетінің жатақханасынан тегін орын қарастырылған.